**« «С.Сейфуллин атындағы №7 мектеп –гимназиясы» КММ жанындағы лагерьдің басшысы және қызметкерлерімен өткен жиналыс**

**Жиналыс хаттамасы № 1 15 мамыр 2024 жыл**

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. **«Алау» жазғы лагерь алаңын 2024 жылғы жазғы демалысқа дайындау туралы.**

1) Ағымдағы жылдың 25 мамырына дейін балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды аяқтауды ұйымдастыру.
2) Жазғы демалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша оқушылармен және олардың ата-аналарымен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтуді нығайту.
3) штаттық кестеге сәйкес балаларды сауықтыру «Алау » жазғы алаңының басшыларын, педагогикалық қызметкерлерді, медицина қызметкерлерін және басқа да жұмыскерлерді іріктеу және нұсқау беру бойынша бақылауды күшейту.
4) 3 маусымда тамақсыз мектеп жанындағы «Алау» жазғы алаңын ашу.
5) Қазақстан Республикасының Парламенті әзірлеген әдістемелік ұсыныстар мен алгоритмге сәйкес мектеп жанындағы «Алау» жазғы алаң қызметін ерекше бақылауға алу,әдістемелік ұсыным бойынша жұмысты ұйымдастыру.
6) Ерекше білім беруді қажет ететін балалар, девиантты мінез-құлықтағы балалар, есепте тұрған балалар және халықтың әлеуметтік осал топтары санаттардағы балаларды жазғы демалыспен қамтуды ерекше бақылауға ала отырып,осындай топтағы оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруды назарда ұстау.
7) кәмелетке толмағандармен және олардың ата-аналарымен олар жұмысқа қабылданған жағдайда міндетті түрде еңбек шарттарын жасау жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу және жаз мезгілінде жұмысқа орналасқан оқушылармен үнемі байланыста болу,қауіпсіздіктерін қадағалау.

**<u>2.Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы</u>**

(суға түсу кезеңінде, өрт қауіпсіздігі, терезеден құлау, балаларды тасымалдау ережелері)

2.1 білім беру ұйымдарында су айдындарында қауіпсіздік бұрыштарын құруды, судағы өзін-өзі ұстау ережелерін, жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша қауіпсіздік шараларын және зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету шараларын зерделеуді қамтамасыз ету.
2.2 әлеуметтік желілерде, WhatsApp чаттарында және білім беру ұйымдарының мессенджерінде су қоймаларында қауіпсіздік ережелерін таратуды ұйымдастыру.
2.3 Өрт сөндіру құралдарын пайдалану ережелері, тұрмыстық электронды заттарды пайдалану, жазатайым оқиғалардың алдын алу, жолдағы қауіпсіз жүріс-

тұрыс ережелері, су қоймаларында шомылу, өрт қауіпсіздігі, биіктіктегі жарақаттар бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу , сондай-ақ жазғы демалыс уақытында балалар арасында құқық бұзушылықтың, қылмыстың және қадағалаусыз қалудың алдын алу, жедел қызмет телефондары, сенім телефондары көрсетілген қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы жаднамалар тарату және қауіпсіздік шаралары туралы бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жариялау.Күнделікті алаңға келіп жүрген оқушыларға қауіпсіздік ережелерін естеріне салып отыру.

2.4 кәмелетке толмағандар жасаған және оларға қарсы жасалған барлық белгілі құқық бұзушылық фактілері туралы дереу ішкі істер органдарына хабарлау.Мектеп әкімшілігі тарапынан қосымша ата-аналар және оқушылармен бірлескен жұмыстар жүргізу.

2.9. 24 мамырға дейін ата-аналар жиналысын өткізіп, ата-аналарды Төтенше жағдайлар департаменті әзірлеген балалардың қауіпсіздігі туралы парақшалармен таныстыру,қауіпсіздік бойынша үнемі естеріне салып отыру,жиналыс соңынан ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беру. Жиналысқа арнайы мамандар шақырып ата-аналарға қосымша түсіндірме жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру.

4. **<u>Жазғы балаларды сауықтыру ұйымдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар туралы</u>**

6.3 «Алау» жазғы алаң қызметкерлерінің медициналық тексеруден уақытылы және толық өтуін ерекше бақылауға алу.

Мектеп директоры: Г.М.Манатаева

*Орындаған: Ш.Р.Рахимбеков*